


«М. Тынышбаев атындағы АЛТ Университеті» АҚ	БІРІКТІРІЛГЕН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ Жұмыс нұсқаулығы «Автоматтандыру және басқару» кафедрасының филиалы туралы ереже ЖН-АЛТ-61	Басылым 04 Күні 25.09.2025 ж. Бет 9-нан 1
---------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------

Экз. № _____

күжат мәртебесі



ЖҰМЫС НҰСҚАУЛЫҒЫ

АВТОМАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ КАФЕДРАСЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ ЖН-АЛТ-61

<p>Құрастырушы: «Энергетика және сандық технологиялар» институт директоры Тойгожинова А.Ж. (КОЛЫ) «25» 09 2025 ж.</p> <p>«Автоматтандыру және басқару» кафедрасының меңгерушісі Карымсақова Н.Т. (КОЛЫ) «25» 09 2025 ж.</p>	<p>Келісілді: Академиялық қызмет жөніндегі проректор Абрешов Ш.А. (КОЛЫ) «25» 09 2025 ж.</p>	<p>Енгізілді: Бұйрық № <u>183а</u></p> <p>Енгізу күні: <u>« 25 » 09 2025 ж.</u></p>
----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------

Алматы

«М. Тынышбаев атындағы АЛТ Университеті» АҚ	БІРІКТІРІЛГЕН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ Жұмыс нұсқаулығы «Автоматтандыру және басқару» кафедрасының филиалы туралы ереже ЖН-АЛТ-61	Басылым 04 Күні 25.09.2025 ж. Бет 9-нан 2
---------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------

МАЗМҰНЫ

1.	ҚОЛДАНУ САЛАСЫ	3
2.	НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
3.	ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР	4
4.	ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІКТЕР	4
5.	НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР	4
5.1	Жалпы ережелер	4
5.2	Кафедра филиалының мақсаттары мен міндеттері	5
5.3	Кафедра филиалының функциялары	5
5.4	Кафедра филиалының қызметін басқару	6
5.5	Кафедра филиалының құрамы	6
5.6	Материалдық-техникалық база	6
6.	ЖН ТАЛДАУ ЖӘНЕ ЖАҢАРТУ	6
7.	ТӘУЕКЕЛДЕРДІ АНЫҚТАУ, БАҒАЛАУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ	6
8.	КЕЛІСУ ЖӘНЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ	6
9.	ҚҰЖАТТАРДЫ САҚТАУ, ҚОРҒАУ, ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӘНЕ АЛЫП ҚОЮ	6
10.	ҚҰЖАТТАРҒА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ	7
11.	ҚҰЖАТТАРҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ	7
12.	ӨЗГЕРСІТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ	8
13.	ТАНЫСУ ПАРАҒЫ	9

«М. Тынышбаев атындағы АЛТ Университеті» АҚ	БІРІКТІРІЛГЕН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ Жұмыс нұсқаулығы «Автоматтандыру және басқару» кафедрасының филиалы туралы ереже ЖН-АЛТ-61	Басылым 04 Күні 25.09.2025 ж. Бет 9-нан 3
---------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

Осы жұмыс нұсқаулығы ҚР СТ ISO 9001-2016, ҚР СТ ISO 50001-2019, ҚР СТ ISO 14001-2016, ҚР СТ ISO 45001-2019 талаптарына сәйкес интеграцияланған менеджмент жүйесінің жұмыс істеуі кезінде «М. Тынышбаев атындағы АЛТ Университеті» Акционерлік қоғамында (бұдан әрі - Университет) қолдануға арналған.

Осы жұмыс нұсқаулығы кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамына (ПОҚ) және өндірістен келген өкілдерге арналған.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы жұмыс нұсқаулығында келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

2.1. Халықаралық және республикалық стандарттар бойынша нормативтік сілтемелер:

МС ISO 9000:2015	- Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік
ҚР СТ ISO 9001-2016	- Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар
МС ISO 50001:2018	- Энергетикалық менеджмент жүйелері. Талаптар және қолдану жөніндегі Нұсқаулық.
ҚР СТ ISO 50001-2019	- Энергия менеджменті жүйелері. Талаптар және қолдану жөніндегі Нұсқаулық.
ҚР СТ ISO 14001-2016	- Экологиялық менеджмент жүйелері. Талаптар және қолдану жөніндегі Нұсқаулық.
ҚР СТ ISO 45001-2019	- Еңбек қауіпсіздігі және денсаулық сақтау менеджменті жүйелері. Талаптар

2.2. Республикалық заңнамалық база:

Қазақстан Республикасының Заңы. 27.07.07ж. №319-111	- Білім туралы
Қазақстан Республикасының Заңы. 18.11.2015ж. №410-V	- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы
Қазақстан Республикасының Заңы. 13.05.2003жг. №415-11	- Акционерлік қоғамдар туралы

2.3. Ішкі нормативтік құжаттарға Нормативтік сілтемелер:

ҚР-АЛТ-01	- Құжатталған ақпаратты басқару
ҚР-АЛТ-02	- Ішкі аудит
ҚР-АЛТ-03	- Сәйкессіздіктер мен түзету әрекеттерін басқару
ҚР-АЛТ-04	- Менеджменттің интеграцияланған жүйесін талдау
ҚР-АЛТ-05	- Тәуекелдерді анықтау, бағалау және басқару
ҚР-АЛТ-06	- Ақпарат алмасу, қатысу және кеңес беру
ПК-АЛТ-02	- Академиялық саяса
ПК-АЛТ-03	- Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жоспарлау
ПК-АЛТ-20	- Оқу процесі
ЖН-АЛТ-01	- Оқу-әдістемелік Кеңес туралы ереже
ЖН-АЛТ-04	- Білім беру бағдарламасының / пәнінің оқу-әдістемелік кешенін әзірлеу және қалыптастыру қағидалары
ЖН-АЛТ-07	- Кафедраға кешенді тексеру жүргізу туралы ереже
ЖН-АЛТ-08	- Институттарға кешенді тексеру жүргізу туралы ереже
ЖН-АЛТ-11	- Академиялық адалдықты қамтамасыз ету жөніндегі Нұсқаулық

"АЛТ Университеті" АҚ жазбаша рұқсатынсыз құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

«М. Тынышбаев атындағы АЛТ Университеті» АҚ	БІРІКТІРІЛГЕН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ Жұмыс нұсқаулығы «Автоматтандыру және басқару» кафедрасының филиалы туралы ереже ЖН-АЛТ-61	Басылым 04 Күні 25.09.2025 ж. Бет 9-нан 4
---------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------

ЖН-АЛТ-25	-	Пәннің жұмыс оқу бағдарламасы туралы ереже (Силлабус)
ЖН-АЛТ-26	-	Оқу-әдістемелік бюро жөніндегі комиссия туралы ереже – (ОӘБ)
ПК-АЛТ-05	-	Тәжірибе және жұмысқа орналасу
СН-АЛТ-01	-	Саясат және стандарттар білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ету
СН-АЛТ-02	-	Сапа менеджменті жүйесі және энергия менеджменті жүйесі бойынша нұсқаулық

3. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1. Бұл жұмыс нұсқаулығында халықаралық және республикалық МС ISO 9000:2015, ҚР СТ ISO 9001-2016, МС ISO 50001:2018, ҚР СТ ISO 50001-2019, ҚР СТ ISO 14001-2016, ҚР СТ ISO 45001-2019, стандарттарға сәйкес терминдер мен олардың анықтамалары, Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерімен және Университеттің ішкі нормативтік құжаттары қолданылады.

3.2. Бұл жұмыс нұсқаулығында мынадай белгілер мен қысқартулар қолданылады:

ББЖ	-	Біріктірілген басқару жүйесі
ЖН	-	Жұмыс нұсқаулығы
ПК	-	Процесс картасы
ЛН	-	Лауазымдық нұсқаулығы
ҚР	-	Құжатталған рәсім
СН	-	Сапа бойынша нұсқаулық
ПОҚ	-	Профессор-оқытушылар құрамы
ББЖ ББӨ	-	ББЖ бойынша басшылықтың өкілі
АССД	-	Академиялық саясат және сапа департаменті

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІКТЕР

4.1. Университеттің барлық қызметкерлері өз қызметінде осы жұмыс нұсқаулығының талаптарын толығымен қолдануға жауапты

4.2. «Кафедра филиалы туралы ереже» жұмыс нұсқаулығын іске асыру үшін жауапкершілік кафедра меңгерушісіне жүктеледі

4.3. Басшылық өкілінің академияның интеграцияланған менеджмент жүйесінің сертификаттау, инспекциялық және ішкі аудиттерін жүргізу нәтижелері бойынша Жедел тәртіппен де осы жұмыс нұсқаулығының өлшемдеріне сәйкессіздіктерді жоюды талап етуге өкілеттігі бар.

5. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Жалпы ережелер

5.1.1 М.Тынышбаев атындағы АЛТ университетінің «Автоматтандыру және басқару» кафедрасының филиалы (бұдан әрі-кафедра филиалы) «ҚТЖ»ҰК» АҚ филиалы – «Алматы магистральдық желі бөлімшесінің» Алматы сигнал беру және байланыс дистанциясы базасында (бұдан әрі-кәсіпорын) Шартқа сәйкес құрылады

5.1.2 Бұл Ереже кафедра филиалының кәсіпорындағы мақсаттарын, міндеттерін, функцияларын, ұйымдастыру тәртібін, жұмыс істеуін айқындайды.

5.1.3 Кафедра филиалы – Университеттегі кафедраның оқу-ғылыми бөлімшесі, ол бірлескен білім беру, ғылыми, оқу-әдістемелік және тәрбие қызметін жүзеге асыратын құрылымнан тұрады.

5.1.4 Кафедра филиалы кәсіпорын директорының келісімі бойынша Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен құрылады, қайта ұйымдастырылады және таратыла алады.

«М. Тынышбаев атындағы АЛТ Университеті» АҚ	БІРІКТІРІЛГЕН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ Жұмыс нұсқаулығы «Автоматтандыру және басқару» кафедрасының филиалы туралы ереже ЖН-АЛТ-61	Басылым 04 Күні 25.09.2025 ж. Бет 9-нан 5
---------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------

5.1.5 Кафедра филиалы оқу, ғылым және тәрбие процестерінің сапасын жоспарлау және қамтамасыз ету мәселелері бойынша кафедра меңгерушісіне бағынады.

5.1.6 Кафедра филиалы Университеттің басқа құрылымдық бөлімшелерімен филиалдың міндеттері мен функцияларын орындау шеңберінде өзара жұмыс жасайды.

5.1.7 Кафедра филиалы оқу процесін, ғылыми-зерттеу және практикалық қызметті қамтамасыз ететін оқу базасы болуы тиіс.

5.1.8 Кафедра филиалы заңды тұлға болып табылмайды және дербес қаржылық қызметті жүзеге асыра алмайды.

5.2 Кафедра филиалының мақсаттары мен міндеттері

5.2.1 Кафедра филиалы қызметінің мақсаты:

- кәсіптік даярлау сапасын жетілдіру, білім алушылардың академиялық, әлеуметтік-тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктерін дамыту, білім берудің интеграциясын тереңдету, ЖОО-ның кәсіпорынмен байланысын нығайту және ҚР Көлік саласында мамандар даярлау сапасын арттыру.

5.2.2 Кафедра филиалының міндеттері:

- білім алушылардың академиялық пәндері мен практикалары бойынша оқу және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүргізу;
- оқу процесінің практикалық бағытын күшейту үшін нақты өндіріс процесі жағдайында академия білім алушылары үшін зертханалық, практикалық және дәрістік сабақтарды ұйымдастыру және өткізу.

5.3 Кафедра филиалының функциялары

Кафедра филиалына келесі функциялар жүктеледі:

5.3.1 Оқу процесін ұйымдастыру:

- бекітілген пәндер бойынша оқу сабақтарын, оның ішінде зертханалық-практикалық сабақтарды ұйымдастыру және өткізу;

- білім алушылардың кәсіптік практикаларын, ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу;

- курстық және дипломдық жобалауды жүзеге асыру;

- практика бойынша есептерді, курстық жобаларды, мемлекеттік аттестаттау комиссияларының жұмысын және дипломдық жұмыстарды (жобаларды) рецензиялау кезінде білім алушылардың білімін бағалауға кәсіпорын мамандарының қатысуын ұйымдастыру, кәсіпорындарға мемлекеттік аттестаттау комиссияларының көшпелі отырыстарын ұйымдастыру.

5.3.2 Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүргізу:

- кәсіпорынның қызметіне енгізілген жаңалықтарды ескере отырып, жұмыс оқу бағдарламаларын пәндерді және әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу және кәсіпорынмен келісу;

- өндірістік, диплом алдындағы және зерттеу тәжірибелерінің бағдарламаларын әзірлеу және кәсіпорынмен келісу;

- кәсіпорындардың материалдарын пайдалана отырып, оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттерді құру;

- кәсіпорындардың қажеттілігін ескере отырып, курстық және дипломдық жұмыстардың (жобалардың) тақырыптарын әзірлеу;

- кәсіпорын мамандарының академиялық оқу басылымдарына рецензия ұйымдастыру.

5.3.3 Бакалаврды оқытатын магистранттар мен докторанттардың өндірістік, диплом алдындағы және зерттеу практикасын ұйымдастыру және өту.

5.3.4 Кәсіпорын қызметкерлеріне қосымша білім беру және консультациялық қызметтер көрсету.

5.3.5 Кафедра филиалының және жалпы кафедраның оқу-зертханалық, ақпараттық базасын дамыту.

5.3.6 Университет оқытушыларының біліктілігін арттыруды ұйымдастыру және ықпал ету.

«М. Тынышбаев атындағы АЛТ Университеті» АҚ	БІРІКТІРІЛГЕН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ Жұмыс нұсқаулығы «Автоматтандыру және басқару» кафедрасының филиалы туралы ереже ЖН-АЛТ-61	Басылым 04 Күні 25.09.2025 ж. Бет 9-нан 6
---------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------

5.4. Кафедра филиалының қызметін басқару

5.4.1 Кәсіпорын директорының келісім бойынша филиалға кафедра меңгерушісі басшылық жүргізеді.

5.4.2 Кафедра филиалының басшысы – осы ережеге сәйкес кафедра филиалының жұмысын ұйымдастырады.

5.5. Кафедра филиалының құрамы

5.5.1 Кафедра филиалының штаттық оқытушылар құрамы оқытылатын пәндер бойынша оқу-тәрбие процесін қамтамасыз ету қажеттіліктері мен білім алушылардың оқу сабақтарын сапалы өткізу міндеттеріне сүйене отырып айқындалады.

5.5.2 Кафедра филиалының құрылымын, жетекшісін және оның қызметкерлерін ӘҚБ жөніндегі Проректор бекітеді.

5.6. Материалдық-техникалық база

5.6.1 Кафедра филиалының қызметі кәсіпорын базасында және оның құрылымдық бөлімшелерінде оқу процесінің мақсаттары үшін бөлінген және жабдықталған үй-жайларда жүзеге асырылады. Бөлінген үй жайларды күтіп ұстау және оларға қызмет көрсету кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің күшімен жүзеге асырылады.

5.6.2 Кафедра филиалында жұмыс өзара ақшалай есеп айырысусыз жүргізіледі. Ақшалай шығындарға қажеттілік туындаған кезде тараптар шарт жасасады.

6. ЖН ТАЛДАУ ЖӘНЕ ЖАҢАРТУ

6.1. Осы жұмыс нұсқаулығын өзектендіру ҚР заңнамалық нормативтік-құқықтық актілеріне және Университеттің ішкі нормативтік құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне қарай жүргізілуі тиіс.

7. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ АНЫҚТАУ, БАҒАЛАУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ

7.1 Бұл ЖН тәуекелдерін сәйкестендіру, бағалау және басқару ҚР-АЛТ-05 сәйкес жүргізілуі тиіс.

8. КЕЛІСУ ЖӘНЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

8.1 Осы ЖН келісімі ББЖ бойынша басшылықтың өкілімен, ББЖ жөніндегі жауапты маманмен жүзеге асырылады.

9. ҚҰЖАТТАРДЫ САҚТАУ, ҚОРҒАУ, ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӘНЕ АЛЫП ҚОЮ

9.1 Бекітілген түпнұсқа (оригинал) мен осы ЖН-ның Word форматындағы электрондық нұсқасына Академиялық мәселелер жөніндегі Департаментке сақтауға беру үшін әзірлеуші бөлімше басшысы жауапты болады.

9.2 Осы ЖН құжаттарын сақтау, қорғау, қалпына келтіру және алып қою ҚР-АЛТ-01 сәйкес жүргізілуі тиіс.

«М. Тынышбаев атындағы АЛТ Университеті» АҚ	БІРІКТІРІЛГЕН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ Жұмыс нұсқаулығы «Автоматтандыру және басқару» кафедрасының филиалы туралы ереже ЖН-АЛТ-61	Басылым 04 Күні 25.09.2025 ж. Бет 9-нан 7
------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------

10. ҚҰЖАТТАРҒА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

10.1 Осы ЖН-қа өзгерістер енгізу ҚР-АЛТ-01 сәйкес жүргізілуі тиіс.

10.2 Кафедра филиалы туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу сапа жөніндегі басшылық өкілінің рұқсаты бойынша ғана жүзеге асырылады және оның қолы қойылып құжатпен ресімделеді.

10.3 Кафедра филиалы туралы ережеге өзгерістерді кафедра филиалының басшысы өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағында міндетті түрде белгілей отырып енгізеді. Ауыстырылған жағдайда академиядағы кафедра филиалы туралы ереженің барлық даналары алынып жаңаларына ауыстырылуы тиіс.

11. ҚҰЖАТТАРҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

11.1 Осы ЖН-ның жұмыс даналары ББЖ құжатталған ақпаратының жұмыс істеу тиімділігі тәуелді болатын қызмет жүзеге асырылатын барлық бөлімшелерде электрондық түрде сақталады.

11.2 Құжаттарға қол жеткізу және осы ЖН-ның құпиялылығы ҚР-АЛТ-01 сәйкес жүргізілуі тиіс.

